

**ҚР оңтүстік аймақтарын  
табиғи газбен жабдықтау  
мәселелері**

Бүгінгі таңда еліміздің оңтүстік аймақтарының табиғи газбен қамтамасыз ету үкіметіміздің күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі. “Бейнеу- Бозой - Шымкент” магистральды газ құбырының маңызы зор, яғни аймақты газдандыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табуда деуге болады.

Жалпы ұзындығы 1143 шақырым болатын “Бейнеу- Бозой-Шымкент” магистральды газ құбыры Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумағынан өтеді. Стратегиялық маңызды жобаның кезеңі 2015 жылы аяқталды. Жобаның мақсаты – тұрғындар тығыз орналасқан еліміздің оңтүстік аймақтарын табиғи газбен жабдықтау.

# Газ құбырының сұлбесі



Мұнда құбыр бойында орналасқан Газ тарату бекеттері көрсетілген.


**ҚР оңтүстік аймақтары мен Алматы қаласының  
болжамды газ тұтыну көлемі бойынша көрсеткіштер  
төмендегі кестеде келтірілген**

Кезең	Облыстардың газ тұтыну көлемі бойынша, млн.м3				Алматы қаласы млн.м3	ҚР оңтүстік аймағыны ң қорытынд ысы, млн. м3
	Алмат ы обл	Жамбыл обл	Қызылорда обл	ОҚО		
2010-2014	687,5	825,5	412,2	419,2	2695,5	5067
2015-2019	778,3	994,3	426,3	495,0	2834,5	5528
2020-2024	890,6	1105,4	540,9	537,6	2959,5	6034
2025-2029	938,9	1315,6	555,5	584,0	3102,5	6497
2030-2034	990,7	1523,5	670,5	650,6	3217,0	7052
2035-2039	1023,8	1698,0	681,3	704,2	3318,4	7426

Қазіргі таңда, облыс бойынша Қызылорда қаласының 92 % ілеспе газбен қамтамасыз етіліп отыр. Облыстың аудан орталықтары мен елді мекендерін «Бейнеу-Бозой» магистралды газ құбырына қосу арқылы Қызылорда облысын кешенді газдандырудың бірінші кезеңінде 21 елді мекенді газбен қамтамасыз ету жоспарлануда. Бұл жұмыстар тиімті дәрежеде жүзеге асырылған жағдайда бірінші кезеңде Қызылорда облысы халқының 70 % газбен қамтуға қол жеткізеді.




Оңтүстік Қазақстан энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ержан Әбдіқалықовтың айтуынша, 2015-2017 жылдар аралығыда облыс халқының 70 пайызын табиғи газбен қамтамасыз ету жоспарлануда. Мәселен, 2015 жылы осы мақсатқа облыстық бюджеттен 569,5 млн. Теңге қаражат қаралып, оған 4 техникалық-экономикалық негіздеме және 10 жоба-сметалық құжаттамалар дайындалды. Олардың 4 техникалық-экономикалық негіздемесі мен 8 жоба-сметалық құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған.



Еліміздің газ саласын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарына енгізілген “2007-2015 жылдарға арналған Жамбыл облысын газдандырудың кешенді бағдарламасы” ауқымды Жауалы, Талас аудандарында екінші жыл елді мекендерге газ тарту жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі таңда Талас ауданының Талапты, Бостандық, Аққұм, Тамабек, Сейілбек ауылдары газбен қамтылды. Табиғи газбен 2,2 мың жеке үй қамтылды.







№	Облыстар	Табиғи газбен қамтылуы,%
1	Қызылорда облысының тұрғыны (2015) - 753 231 адам	15%
2	Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғыны (2015) -2 788 653	40%
3	Жамбыл облысының тұрғыны (2015) – 1 098 693	42%
4	Алматы облысының тұрғыны (2015) – 2 015 727	20%
5	Алматы қаласының (2015)–1 000 000	90%
6	Жалпы Оңтүстік аймақ бойынша	42%

Бейнеу-Бозой-Шымкент магистралды газ құбыры іске қосылған жағдайда келесі маңызды мәселелер шешімін табады:

-Батыс Қазақстанның газ өңдеу аймақтарынан оңтүстік аймақтарға табиғи газды жеткізуді қамтамасыз ету:

-Қымбат табиғи газға импорттық сұранысқа деген тәуелділікті азайту;

-Құбыр бойындағы оңтүстік өңірлерінің елді мекендерін газбен жабдықтау мәселелерін шешу;

-500-ден астам жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етілуі.